

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Набережный ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 18 тамыздағы № 2 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19, 69-баптарына, 71-1-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Набережный ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі" акционерлік қоғамына пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін Набережный ауылдық округінің жерінде орналасқан, жалпы алаңы 130,3 гектар, жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Набережный ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округтің әкімі

Т. Туйтебаев